



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.09.2024ж №75/о

Абай қаласы

город Абай

**Балалар көп жиналатын мектептерде
терроризмге қарсы қорғау жөніндегі
қамтамасыз ету шаралары туралы**

Террористік тұрғыдан осал білім беру ұйымдарының объектілерін терроризмге қарсы қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416-І «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Кесте бойынша кезекшілер мектепте бақылау-өткізу режимін күшейтсін, бөгде адамдардың мектепке кіруіне және заттарды бақылаусыз тасымалдауға немесе шығаруға жол берілмесін.
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Изтлеуова Гульнара Бериковна мен АӘД оқытушысы Могила Владимир Сергеевич мектептің педагогикалық және өзге де қызметкерлерімен террористік актілер қаупі туындаған және жасалған кездегі іс-әрекеттер туралы халықтың көп жиналатын объектінің басшылары мен қызметкерлеріне арналған нұсқаулыққа қатаң сәйкес объектілердің терроризмге қарсы қорғалу деңгейін арттыру мәселесі бойынша нұсқау өткізуді жоспардан тыс жүргізсін.
3. Кезекші әкімші мектеп аумағына автокөлік құралдарының кіруін және шығуын бақылауға алсын.
4. Кезекші әкімші күн сайын мектеп үй-жайлары мен іргелес аумақта жарылғыш құрылғылардың, қару-жарақ пен оқ-дәрілер, жарылғыш және улы заттар салынған заттар салынуына тексеру жүргізсін.
5. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Изтлеуова Гульнара Бериковна және шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары Вторушина Фирая Равильевна - бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде ішкі істер органдары қызметкерлерінің кезекшілігін ұйымдастырсын.
6. Мектеп директорының шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары Вторушина Фирая Равильевна - мектептің барлық үй-жайларын, эвакуациялық жолдар мен шығуларды, өрт сөндіру, байланыс және өрт автоматикасы құралдарының болуы мен жарамдылық жай-күйін тексерсін.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Қарағанды облысының білім басқармасы
Абай ауданының білім бөлімі

«№ 4 жалпы білім беретін мектеп» КММ директорының м.а. **Т. Искакова**

